

"Дәрілік заттарға, медициналық мақсаттағы бұйымдарға және медициналық техникаға сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау Министрінің 2009 жылғы 18 қарашадағы № 736 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 26 маусымдағы № 524 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылды 29 шілдеде № 11778 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 27 қаңтардағы № ҚР ДСМ-10 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 27.01.2021 № ҚР ДСМ-10 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Кодексінің 63-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

"Дәрілік заттарға, медициналық мақсаттағы бұйымдарға және медициналық техникаға сараптама жүргізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2009 жылғы 18 қарашадағы № 736 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5926 болып тіркелді, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағында жарияланған 2010 жылды № 5) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Дәрілік заттарға сараптама жүргізу қағидаларында (бұдан әрі – Қағидалар):

2-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"2. Дәрілік заттарды сараптау мемлекеттік монополияға жатады, оны дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың айналысы саласындағы мемлекеттік сараптама ұйымы (бұдан әрі – мемлекеттік сараптама ұйымы) болып табылатын шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорын – Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің "Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медицина техникасын сараптау ұлттық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – мемлекеттік сараптама ұйымы) жүзеге асырады және Денсаулық

сақтаудың бірыңғай ақпараттық жүйесі Дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуді басқару жүйесінің (бұдан әрі – ДҚБЖ) бірыңғай дерекқорын пайдалана отырып, мемлекеттік сараптама ұйымының "Дәрілік заттарды сараптау" бағдарламасында жүргізіледі.";

4, 5, 6, 7-тармақтар мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

"4. Мемлекеттік тіркеуді, қайта тіркеуді және тіркеу деректеріне өзгерістер енгізу ділінде жүргізу үшін сараптамаға берілген дәрілік зат туралы ақпарат, сондай-ақ сараптама құпия ақпарат болып табылады.

Дәрілік заттардың сараптамасына жататын құпия ақпаратқа рұқсаты бар тұлғалар оның құпиялылығын сақтайды.

5. Мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу және тіркеу деректеріне өзгерістер енгізу кезінде дәрілік затты сараптау құнын төлеуді өтініш беруші "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 63-бабына сәйкес сараптама ұйымының шотына жүргізеді.

6. Осы Қағидаларда мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) авторландырылған генерик (автогенерик) – тіркелген препаратпен бірдей бір өндіруші шығаратын, бірақ саудалық атаулары мен бағаларында айырмашылығы бар дәрілік препарат;

2) баламалығын зерттеу – ин-виво (организмнің ішін) және (немесе) ин-витро (организмнің сыртын) зерттеуді пайдалану кезінде генерик пен референтті дәрілік зат арасындағы баламалығын айқындайтын зерттеу;

3) биобаламалығы – бірдей жағдайлар кезінде бірдей молярлық дозаларда пайдаланғаннан кейін тиімділігі мен қауіпсіздігіне қатысты олардың фармацевтикалық және биологиялық баламалығын растайтын екі дәрілік заттың салыстырмалы сипаттамасы;

4) "биовейвер" рәсімі – жаңартылған дәрілік заттың (генерик) баламалығын анықтау, "Еріту" сынағы пайдаланылатын организм сыртының (ин-витро) салыстырмалы зерттеулердің жіктемесі мен нәтижелерінің биофармацевтикалық жүйесінің негізінде жүргізілетін және тез босап шығатын қатты дәрілік нысандар үшін қолданылатын рәсім;

5) биоқолжетімділік – активті зат дәрілік нысаннан сініріletін және әсер ету орнында қолжетімді болатын жылдамдық пен дәреже;

6) биологиялық тектегі дәрілік препараттар – құрамында биологиялық заттар бар препараттар (гормондар, цитокиндер, қанның ұю факторлары, инсулиндер, моноклоналды антиденелер, ферменттер, колонодемегіш факторлар, тін жасушалары негізінде жасалған және биотехнологиялық әдістердің көмегімен алынған өзге препараттар);

7) биосимиляр – алғаш өндірілген (түпнұсқалық) дәрілік препаратқа сапасы, қауіпсіздігі, тиімділігі бойынша ұқсас және түпнұсқалық дәрілік затқа ерілген

патенттің қолданылу мерзімі өткеннен кейін тіркеуге ұсынылған биотехнологиялық дәрілік зат;

8) биотехнологиялық дәрілік препарат – рекомбинантты дезоксирибонуклеин қышқылының технологиясы қолданылатын биотехнологиялық үдерістер жолымен биологиялық активті ақуыздардың өндірілуін кодтайтын, бақыланатын гендер экспресс әдісімен, гибрид және моноклональды антиденелер алу әдісімен өндірілген биологиялық дәрілік зат, сондай-ақ гендік-инженерлік түрлендірілген генотерапиялық және соматотерапиялық дәрілік зат;

9) биофармацевтикалық жіктеме жүйесі (бұдан әрі – БЖЖ) – белгілі бір қышқыл/сілті көрсеткіші (рН) ортасында ерігіштігінің және ішек қабыргасы арқылы өту дәрежесінің негізінде активті заттар жіктемесінің ғылыми жүйесі;

10) БЖЖ негізінде ин-витроның баламалығын зерттеу – БЖЖ және дәрілік заттың ерітіндісіне сәйкес активті заттың жіктемесіне негізделген, сондай-ақ үш ортада генерик пен референтті дәрілік заттың ерітіндісі бейінімен салыстыруды қамтитын кешенді зерттеу;

11) гомеопатиялық препараттар – ең аз дозаларда шығу тегі табиғи заттардан тұратын және арнайы технологиялармен өндірілген дәрілік заттар;

12) дәрілік зат – аурулардың профилактикасы, диагностикасы мен емдеуге, сондай-ақ организм жай-күйі мен функциясын өзгертуге арналған адам организмімен байланысқа түсетін және оның ағзалар мен тіндеріне сінетін фармакологиялық активті заттардан тұратын зат: дәрілік субстанциялар, дәрі шикізаты, дәрілік затардың балқ-өнімдері, дәрілік препараттарнемесе соның өзі болып табылатын зат: дәрілік субстанция, дәрілік шикізат, дәрілік заттардың балқ-өнімдері, дәрілік препараттар;

13) дәрілік заттардың қауіпсіздігі – адам өміріне, денсаулығына және қоршаған ортаға зиян келтіру мүмкіндігімен байланысты жол беруге болмайтын қаупінің болмауы;

14) дәрілік затты медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулық – Қазақстан Республикасында дәрілік затты медициналық қолдану туралы бекітілген ақпарат;

15) дәрілік заттың қауіпсіздігі, тиімділігі және сапасы туралы қорытынды – мәлімделген дәрілік затты сараптау нәтижелерінен және мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу, тіркеу деректерінен өзгерістер енгізу мүмкіндігі туралы немесе тиісті рәсімдерді жүргізуден бас тарту туралы ұсынымдардан тұратын құжат;

16) дәрілік заттың сапасы мен қауіпсіздігін бақылау жөніндегі нормативтік құжат – дәрілік заттың сапасына қойылатын талаптардың, сондай-ақ олардың бірдей қауіпсіздік және сапа параметрлерін қамтамасыз ететін оны айқындау әдістемелерінің кешенін белгілейтін құжат;

17) дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар және медициналық техника айналысы саласындағы мемлекеттік сараптама ұйымы (бұдан әрі –

мемлекеттік сараптама ұйымы) – дәрілік заттарға, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техникаға сараптама жүргізуге арналған денсаулық сақтау саласындағы үәкілетті орган айқындайтын ұйым;

18) дәрілік субстанция – дәрілік препараторды өндіруге және дайындауға арналған шығу тегіне байланысты емес белгілі бір фармакологиялық белсендерділігі бар зат немесе заттардың қоспасы;

19) дәрілік субстанциялардың және олардың қоспаларының стандартты ұлгілері – сыналатын дәрілік заттарға сараптама жүргізу кезінде пайдаланылатын салыстыру заттары;

20) дәрілік заттардың тиімділігі – профилактикалық, диагностикалық, емдеу және (немесе) оңалту әсеріне қол жеткізуді қамтамасыз ететін сипаттамалар жиынтығы;

21) дәрілік затты өндіруші ұйым – өндірісті немесе өндірістің бір немесе бірнеше кезеңін жүзеге асыратын дара кәсіпкер немесе занды тұлға;

22) дәрілік өсімдік шикізат – жас немесе кептірілген өсімдіктер немесе олардың дәрілік заттарды өндіру немесе дайындау үшін пайдаланылатын бөліктері;

23) жаңартылған дәрілік препарат (генерик) – әртүрлі өндірушілер шығаратын түпнұсқалық дәрілік затқа белсендерді субстанциялар құрамы, дәрілік түрі, сапа, қауіпсіздік, тиімділік көрсеткіштері бойынша сәйкес келетін дәрілік препарат;

24) жақсы зерделенген медициналық қолдану – тиімділігі жақсы зерделенген, мойындалған және тіркелгеннен кейінгі, эпидемиологиялық зерттеулер бойынша жарияланған деректерге толық библиографиялық сілтемелермен расталған және дәрілік заттың алғашқы жүйелі және құжатталған қолданылу күнінен бастап кемінде 15 жыл өткен дәрілік заттың құрамына кіретін активті затты медициналық қолдану;

25) өтініш беруші – дәрілік заттарды мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу, тіркеу деректеріне өзгерістер енгізуді жургізуға өтініш, құжаттар мен материалдарды ұсынатын әзірлеуші, өндіруші-ұйым, тіркеу куәлігін ұстаушы немесе олардың мұддесін білдіретін үәкілетті сенімді тұлға;

26) парафармацевтиктар – шығу тегі табиғи биологиялық белсендерді заттар немесе олардың фармакологиялық әсерге ие және аурулардың алдын алуға, қосымша емге және органдар мен жүйелердің функционалдық белсендерділігін реттеуге бағытталған емдік дозалардағы синтетикалық баламалары;

27) радионуклидті генератор – ауруды диагностикалау немесе емдеу үшін қолданылатын және элюирлеу жолымен немесе басқа тәсілмен шығарылатын екіншілік (еншілес) радионуклидтерді түзетін, құрамында бекітілген бастапқы (ата-аналық) радионуклид бар кез келген жүйе;

28) радионуклидті жиын (кит) – дайын радиофармацевтикалық дәрілік затта, әдетте, оны қолданар алдында радионуклидпен немесе радионуклидтермен біріктіруі немесе араласуы тиіс кез келген дәрілік зат;

29) радионуклид прекурсоры – радиоактивтілік белгісін оны қолданар алдында басқа затқа енгізуге арналған радионуклид;

30) радиофармацевтикалық дәрілік заттар – құрамында бір немесе бірнеше радионуклидтер (радиобелсенді изотоптар) бар және ауруды диагностикалау мен емдеу үшін қолданылатын дәрілік заттар. Радиофармацевтикалық дәрілік заттарға радионуклидті генераторлар, радионуклидті жинақ, радионуклид прекурсоры жатады;

31) референтті препарат – генерикті немесе биосимилярды салыстыруға арналған түпнұсқалық дәрілік препарат;

32) тіркеу дерекнамасы – сараптамаға берілген өтінішке ұсынылатын белгілі бір мазмұндағы құжаттар мен материалдар жиынтығы, олардың негізінде дәрілік заттың тиімділігі, қауіпсіздігі және сапасы туралы негізделген қорытынды жасалады;

33) тіркеу дерекнамасына өзгерістер енгізу – тіркеу күәлігінің қолданылуы кезінде дәрілік заттың қауіпсіздігі, тиімділігі мен сапасына теріс әсер етпейтін және сараптамаға жататын тіркеу дерекнамасына өтініш беруші енгізетін өзгерістер;

34) тіркеу күәлігін ұстаушы – әзірлеуші, өндіруші ұйым, дәрілік заттың қауіпсіздігі, тиімділігі мен сапасы үшін жауапты өндіруші берген тіркеу күәлігін иелену құқығына құжаты бар ұйым;

35) тиісті өндірістік практика – тіркеу дерекнамасының талаптарына және олардың тағайындалуына сәйкес стандарттар бойынша дәрілік заттардың өндірісі мен сапа бақылауға кепілдік беретін сапамен қамтамасыз ету жүйесінің құрамдас бөлігі;

36) фармацевтикалық өнімге сертификат (CPP) – отандық дәрілік заттарды шетелде тіркеу және оларды экспорттау үшін уәкілетті орган беретін құжат;

37) дәрілік заттардың құрамының ұтымсыз комбинациясы – болжамды фармологиялық қасиеттері мен әсеріне сәйкес келмейтін дәрілік заттардың құрамы.

7. Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіркеу кезінде сараптамаға өндіруші елде және (немесе) өндірістік лицензияны ұстаушы елде, тіркеу күәлігі иесінің елінде тіркеуі жоқ (негізде болған кезде) әлеуметтік мәні бар және орфандық аурулардың профилактикасы және емдеуге арналғандарды қоспағанда өндіруші елде және (немесе) өндірістік лицензияны ұстаушы елде, тіркеу күәлігі иесінің елінде тіркелген дәрілік заттар жатады.";

мынадай мазмұндағы 12-1 тармақпен толықтырылсын:

"12-1. Сараптамаға өтініш бергенге дейін өтініш беруші қалауы бойынша мемлекеттік сараптама ұйымына дәрілік заттарды мемлекеттік тіркеу кезінде сараптама жүргізумен байланысты барлық мәселелер бойынша ақылы негізде ғылыми және тіркеу алды консультациясын ала алады.";

13-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"13. Мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу және тіркеу дерекнамасына өзгерістер енгізу кезінде дәрілік заттарды сараптамасы осы қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасында дәрілік затқа сараптама жүргізуге берілген өтініштің, өтініш беруші мен мемлекеттік сараптама ұйымы арасында сараптама жүргізуге жасасқан шарттың негізінде жүргізіледі.

Өтінішке:

1) Қазақстан Республикасында дәрілік заттарды сараптау кезінде ұсынылатын тіркеу дерекнамасының құжаттар тізімінде (бұдан әрі – Тізім), осы Қағидаларға 2 -қосымшаға сәйкес Тиісті өндірістік практика жағдайында өндірілмеген және осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес (Тиісті өндірістік практика жағдайында өндірілген дәрілік заттар үшін) Жалпы техникалық құжат форматында (бұдан әрі – ЖТК форматы) Қазақстан Республикасында дәрілік заттарды сараптау кезінде ұсынылатын тіркеу дерекнамасы құжаттарының тізбесінде көрсетілген құжаттар мен материалдарды қамтитын тіркеу дерекнамасы. Тіркеу дерекнамасы электрондық жеткізгіште платформаралық электрондық құжат форматында (pdf формат);

2) үш рет талдауға жеткілікті мөлшердегі дәрілік заттардың үлгілері, дәрілік субстанциялардың және олардың қоспаларының стандартты үлгілері;

3) дәрілік заттарға сынақ жүргізу кезінде қолданылатын арнайы реагенттер, шығыс материалдары (айрықша жағдайларда және қайтару шартымен);

4) түпнұсқалық дәрілік заттың өнертабысына немесе пайдалы моделіне құқығын қорғайтын құжаттың нотариат күәландырған көшірмесі;

5) үшінші тұлғалардың өнертабысқа немесе пайдалы модельге айрықша құқығының бұзылмауы туралы жазбаша міндеттеме (генерикалық дәрілік препаратты мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу кезінде ұсынылады) қоса беріледі.

Мемлекеттік сараптама ұйымы "Дәрілік заттарды сараптау" бағдарламасына түпнұсқалық дәрілік заттың өнертабысына немесе пайдалы моделіне құқығын қорғайтын құжаттың болуы туралы ақпаратты енгізеді".

16-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"16. Тиісті өндірістік практика жағдайында өндірілген дәрілік заттың тіркеу дерекнамасы ЖТК форматы бойынша жасалады.

ЖТК форматындағы тіркеу дерекнамасын:

1) алыс шетелдің өндіруші ұйымдары;

2) Тиісті өндірістік практика сертификатын алғаннан кейін екі жылдан кейін ТМД елдерінің өндіруші ұйымдары;

3) Қазақстан Республикасының өндіруші ұйымдары – 2025 жылға дейін жасайды.";

20-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"20. Дозалануы, концентрациясы, толтырылу көлемі әртүрлі бір дәрілік нысанды сараптамаға бір уақытта берген жағдайда (елдің ішкі нарығы үшін өндірілген және экспортқа арналған отандық өндірістік дәрілік заттар үшін – әртүрлі сауда атаулары) өтініш беруші бір өтініш және әр дозалануына, концентрацияға, толтырылу көлеміне және қаптамадағы дозалар мөлшеріне қаптамалар макеттері мен заттаңбалар қосымшасы берілген тіркеу дерекнамасын, сондай-ақ бақылау әдістемелірнде айырмашылық болған жағдайда сапа мен қауіпсіздікті бақылау жөніндегі нормативтік құжатты ұсынады.";

22-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"22. ЖТК форматындағы 4 және 5 Модульдерінің және Тізімнің 3 және 4 бөліктерінің материалдары осы қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес тіркеу дерекнамасы материалдарының талаптарына сәйкес болуы тиіс;

дәрілік заттың медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулық әрбір дәрілік нысанға әзірленеді;

нұсқаулықта осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес қосалқы заттар, олардың дәрілік препараттардағы мөлшерінің рұқсат етілген шегі туралы ақпарат айқындалады.";

25-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"25. Қазақстан Республикасының, Адамға арналған дәрілік препараттарды тіркеуге қойылатын техникалық талаптарды үйлестіру жөніндегі халықаралық конференцияның өнір елдерінің (ICH) (бұдан әрі мәтін бойынша – ICH), Фармацевтикалық инспекциялар ынтымақтастығының халықаралық жүйесінің (PIC/S) тиісті өндірістік практикасы өндірісінің сәйкестігін раставтың құжаты бар өтініш берушіден организм ішінің баламалық (in vivo) зерттеу есептерін ұсыну:

1) активті заттардың бірдей сапалық және сандық құрамы бар су ертіндісі түріндегі (венайшілік, тері асты немесе бұлшиқет асты) парентералды қолдануға арналған дәрілік заттар және сондай референтті препаратпен салыстырмалы концентрациялардағы бірдей немесе ұқсас қосалқы заттары бар референтті препарат. Бұл ретте кейбір қосалқы заттар (атап айтқанда буферлік ерітінділер, консерванттар, антиоксиданттар) осы концентрацияда олардың дәрілік зат қауіпсіздігіне және (немесе) тиімділігіне әсер етпейтінін кез келген тәсілмен дәленденген жағдайда айырмашылығы болуы мүмкін (мыналарды қоспағанда: темір препараттары, амин қышқылдары, туынды крахмалдар, желатин, кешенді құрамдас препараттар);

2) ішуге арналған және активті заттардың бірдей сапалық және сандық құрамы бар су ертіндісі түрінде қолданылатын дәрілік заттар және сондай референтті препаратпен салыстырмалы концентрациялардағы бірдей немесе ұқсас қосалқы заттары бар референтті препарат;

3) егер ерітінді осы тармақтың 1 немесе 2-тармақшаларының талаптарына сәйкес келсе, су ерітінділерін дайындауға арналған ұнтақтар түріндегі дәрілік заттар;

4) газ болып табылатын дәрілік заттар;

5) активті заттардың бірдей сапалық және сандық құрамы бар су ертіндісі түрінде дайындалған құлақ немесе көз ауруларына арналған дәрілік заттар және сондай референтті препаратпен салыстырмалы концентрациялардағы бірдей немесе ұқсас қосалқы заттары бар референтті препарат. Бұл ретте кейбір қосалқы заттар (атап айтқанда буферлік ерітінділер, консерванттар, тығыздығын түзейтін заттар немесе қоюлатқыштар) осы концентрацияда олардың дәрілік зат қауіпсіздігіне және (немесе) тиімділігіне әсер етпейтінін кез келген тәсілмен дәленденген жағдайда айырмашылығы болуы мүмкін;

6) активті заттардың сапалық және сандық құрамы бірдей су ерітінділері түріндегі жергілікті әсер ететін дәрілік заттар және сондай референтті препаратпен салыстырмалы концентрациялардағы бірдей немесе ұқсас қосалқы заттары бар референтті препарат;

7) референтті препарат сияқты су ертіндісі болып табылатын және небулайзермен ингаляцияға арналған немесе дәрілік затты жеткіzetін бірдей құрылғылардың көмегімен қолданылатын және активті заттардың сапалық және сандық құрамы бар мұрынға арналған спрей түріндегі дәрілік заттар, сондай салыстырмалы концентрациядағы қосалқы заттар. Бұл ретте кейбір қосалқы заттар осы концентрацияда олардың дәрілік зат қауіпсіздігіне және (немесе) тиімділігіне әсер етпейтінін кез келген тәсілмен дәленденген жағдайда айырмашылығы болуы мүмкін (мыналарды қоспағанда: құрамында гормоны бар препараттар, обструктивті әсерке қарсы препараттар);

8) активті заттардың сапалық және сандық құрамы бірдей ректальді немесе қынаптық қолдануға арналған су ерітінділері түріндегі жүйелі әсер ететін дәрілік заттар және сондай референтті препаратпен салыстырмалы концентрациялардағы бірдей немесе ұқсас қосалқы заттары бар референтті препарат, кейбір қосалқы заттар осы концентрацияда олардың дәрілік зат қауіпсіздігіне және (немесе) тиімділігіне әсер етпейтінін кез келген тәсілмен дәленденген жағдайда айырмашылығы болуы мүмкін;

9) өндірістік және технологиялық процестерді Қазақстан Республикасына толық тасымалдану (трансфер) жағдайында өндірілген дәрілік заттар.

Осы тармақтың талаптары сараптамадағы дәрілік заттарға қолданылады.";

37-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"37. Отандық өндірушілер өндірістік және технологиялық процестерді толық көшіру (трансфер) негізінде отандық өндірушілер өндірген дәрілік заттарды сараптау кезінде тіркеу дерекнамасына Қазақстан Республикасындағы өндіріс алаңында өндіріс жағдайлары Қазақстаннан тыс өндіріс алаңының жағдайларына толық сәйкестігін раставу ұсынылады:

1) отандық өндіруші мен шетелдік өндіруші арасында жасалатын барлық құжаттарды және тіркеу дерекнамасын, соның ішінде биобаламалық зерттеулерінің, клиникалық зерттеулердің деректерін де пайдалану құқығымен өндірістік және технологиялық процестерді ауыстыру туралы шарт;

2) жүргізілген трансфер нәтижелері бойынша, трансфер жобасын сипаттауды, трансфер ауқымын, негізгі және қосымша алаңдармен алынған күрделі параметрлердің, трансфердің соңғы қорытындыларын қоса алғандағы есеп;

3) отандық өндіріс алаңындағы өндірістік процестердің валидациясы;

4) отандық алаңда пайдаланылатын бастапқы шикізат (активті субстанция, қосалқы заттар және т.б.) сапасының процеске немесе дайын өнімге әсер етпеуінің расталуы;

5) отандық өндіріс алаңында өндірілетін препараттардың және шетелдік өндіруші препараттарының сапасын бақылау бір ерекшелік бойынша (қоспалардың бірдей бейіні, ерудің фармакокинетикалық бейіні (қатты дәрілік түрлер үшін) және басқа да ин-витро зерттеулері) бойынша жүзеге асырылады;

6) Қазақстаннан тыс өндіріс алаңдарында өндірілетін дәрілік заттардың биобаламалық зерттеулерінің немесе клиникалық зерттеулерінің немесе клиникаға дейінгі зерттеулерінің есептері (болмаған жағдайда – негіздемесі).

Осы тармақтың талаптары сараптамадағы дәрілік заттарға қолданылады.";

4-тапауы жаңа редакцияда жазылсын:

"4. Дәрілік заттарға сараптама жүргізу тәртібі";

50-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"50. Мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу кезіндегі дәрілік заттың сараптамасы:

1) бастапқы сараптаманы;

2) талдамалық сараптаманы;

3) мамандандырылған фармацевтикалық сараптаманы,

4) мамандандырылған фармакологиялық сараптаманы;

5) қауіпсіздігі, тиімділігі және сапасы туралы қорытындыны қалыптастыруды қамтиды.";

53-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"53. Мемлекеттік сараптама ұйымы өтініш иесі күнтізбелік отыз күн ішінде сұратылған материалдарды немесе оларды дайыдауға қажетті басқа, бірақ күнтізбелік алпыс күннен аспайтын мерзімнің жазбаша негіздемесін ұсынбаған

жағдайда, сараптаманы тоқтатады және қауіпсіздігі, тиімділігі және сапасы жөнінде теріс қорытынды береді. Сұратылған материалдарды ұсыну үшін қажетті күнтізбелік күннің жалпы саны әрбір мамандандырылған сараптама кезінде тоқсан күннен аспайтын мерзімді құрайды.

Бастапқы сараптама жүргізу кезінде мемлекеттік сараптама ұйымы өтініш беруші отыз күнтізбелік күн ішінде сұратылған материалдарды ұсынбаған жағдайда сараптаманы тоқтатады және осы Қағидаларға сәйкес тіркеу дерекнамасының жиынтығының болмауы туралы теріс қорытынды береді.

Мамандандырылған фармацевтикалық және фармакологиялық сараптамалар жүргізілгенен кейін өтініш берушіге қорытынды құжаттарды (сапасы мен қауіпсіздігін бақылау жөніндегі нормативтік құжат, медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулық пен қаптама макеттері) жеке пароль бойынша электрондық келісу және келісім парағын ұсыну арқылы соңғы келісу үшін сараптама жүргізу мерзіміне кірмейтін күнтізбелік отыз күннен аспайтын мерзім беріледі.";

57-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"57. Сараптама рәсімі аяқталғаннан кейін мемлекеттік сараптама ұйымы мұрағатта сараптама нәтижесінің (мемлекеттік сараптама ұйымының сұрау салуы бойынша өтініш беруші ұсынған қосымша материалдар, бастапқы, мамандандырылған сараптама қорытындылары, сынақ зертханасының хаттамалары) құжаттары мен материалдарынан тұратын тіркеу дерекнамасының, медициналық қолдану жөніндегі бекітілген нұсқаулық, нөмері тағайындалған дәрілік заттардың сапасын бақылау жөніндегі нормативтік құжат, бекітілген қаптамалардың, заттаңбалардың, стикерлердің және электрондық мұрғатта сақталатын электрондық мұрағат данасын қалыптастырады.

Тіркеу куәлігінің қолданыс уақытында мұрағаттық тіркеу дерекнамасы өтініш берушінің барлық қоса берілген құжаттармен, қауіпсіздік пен тиімділік туралы есептермен өзгерістер енгізу туралы тіркеу куәліктерінің электронды көшірмелерімен толықтырылады.

Тіркеу деректері құпиялыштық талаптарының сақталуымен мұрағатта сақталады.

Мұрағатта сақталатын және сараптамаға берілген қағаз тасығыштағы тіркеу дерекнамасы оларды сараптама ұйымы электронды форматқа ауыстырғаннан кейін жоюға жатады.

Электрондық жеткізгіштегі тіркеу дерекнамасы 10 жыл сақталады.

Дәрілік зат нарықта 10 жыл болған жағдайда электрондық тіркеу дерекнамасын сақтау дәрілік заттардың Қазақстан Республикасының нарығында болуы мерзіміне ұзартылады.";

58-тармақ алғыншыл тасталысын.

59-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"59. Тіркеу күелігінің қолданыс мерзімі өткеннен кейін дәрілік зат қайта тіркеу мақсаттары үшін сараптауға жатады.";

мынадай мазмұндағы 60-1-тармақпен толықтырылсын:

"60-1. Мемлекеттік сараптама үйымы мемлекеттік органға фармакологиялық қадағалау негізінде Қазақстан Республикасының нарығындағы дәрілік препараттардың пайда/қауіп арақатынасын бағалау бойынша жыл сайынғы сараптама нәтижелері туралы ақпаратты ұсынады. Мемлекеттік орган мемлекеттік сараптама үйымының ақпараты негізінде тиісті шешімді қабылдайды.";

61-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"61. Дәрілік затты тіркеу дерекнамасының бастапқы сараптамасы өзіне мыналарды қамтиды:

1) ұсынылған тіркеу дерекнамасы құжаттарының толық, дәйекті және дұрыс ресімделуін бағалау;

2) адам тінінен және жануар текстестен өнімдерден алынған тыйым салынған бояғыштар мен басқа қосалқы заттардың болуына дәрілік заттардың құрамын бағалау және олар болған кезде дәрілік заттардың өндірісі кезінде пайдаланылатын ақызы тектес активті заттардың қауіпсіздігін (прионодық қауіпсіздігі) растайтын құжаттарды бағалау;

4) дәрілік зат құрамында есірткі дәрілері, психотропты заттар және прекурсорлардың бар-жоғын бағалау;

5) атауын, онда мыналардың болмау мәніне:

бұрын тіркелген дәрілік препараттар мен жағымсыз әсерлермен жазылған сөздердің графикалық ұқастығы;

препараттың нақты құрамы мен әсеріне қатысты жаңылышуға әкелетін қабілеті;

дәрілік затты пайдалануға қатысты ақпарат және оны бірегей, тиімді, қауіпсіз және жағымсыз әсерлерінің болмауына қатысты айрықша етіп көрсететін жарнамалық ақпарат;

бұрын тіркелген дәрілік препараттар мен жағымсыз әсерлермен жазылған сөздердің ұқастығы сараптамасы;

6) активті заттар құрамының басқа дәрілік заттың (бұдан әрі – ДЗ) бірдей атауымен мемлекеттік тізілімде болуына сараптама;

7) белгіленген талаптарға дәрілік заттың сапасы мен қауіпсіздігін бақылау жөніндегі нормативтік құжатты сараптамасы;

8) дәріхана үйымдарынан босатылу тәртібінің (рецепт арқылы немесе рецептісіз) көрсетілуінің болуын тексеру;

9) қаптама макеттері, заттаңбалар, стикерлер үлгілерінің заңнама талаптарына сәйкес таңбалануын бағалау;

10) тіркеу дерекнамасында мәлімделген өзгерістердің (I түрдегі немесе II түрдегі өзгерістер) сәйкестігін тексеру және оған өзгерістер енгізілуі тиіс тіркеу дерекнамасында бөлімдердің, беттердің дұрыс көрсетілуін тексеру. ";

66-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"66. Дәрілік заттың мамандандырылған фармацевтикалық сараптамасы өзіне мыналарды бағалауды қамтиды:

1) дәрілік заттың химиялық қауіпсіздігі мен сапасы, тіркеу дерекнамасына енгізілген өзгерістердің дәрілік заттың қауіпсіздігі мен сапасына әсер етуі;

2) дәрілік заттың құрамы және оның ұтымдылығы туралы қорытынды (фармацевтикалық әзірлеме), дәрілік субстанциялар мен қосалқы заттардың сапасы;

3) дәрілік заттың өндірісі (өндірістік формула, өндіріс технологиясы, өндіріс процесіне бақылау, өндірістік процестер валидациясы);

4) дайын өнім (дайын өнімнің сапа сертификатында көрсетілген параметрлердің дәрілік заттардың сапасы мен қауіпсіздігін бақылау жөніндегі нормативтік құжатта көрсетілген сапа көрсеткіштеріне сәйкестігі, сынақ зертханасы хаттамасының талдауы, сапаны бақылау әдістемелерінің объективтілігі мен қайта жаңғыру мүмкіндігі, дәрілік зат құрамының және сапаны бақылау әдістемелерінің талапқа сай екенін бағалау);

5) өндіруші ұйымның, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік фармакопеясының және Қазақстан Республикасы аумағында қолданыста деп танылған фармакопеяларға дәрілік заттардың сапасы мен қауіпсіздігін бақылау жөніндегі нормативтік құжатта көрсетілген сапа көрсеткіштерінің сәйкестігі;

6) дәрілік заттың тұрақтылығы, ұсынылған сақтау шарттары мен мерзімінің негізділігі, қаптаманы алғаш ашқаннан немесе ерігеннен кейінгі қолданылу кезеңі;

7) дәрілік заттың химиялық, фармацевтикалық баламалығы бойынша деректер;

8) сақтау және тасымалдау кезінде дәрілік зат сапасының сақталуын қамтамасыз ету үшін олардың жеткілікті болу мәніне таңбалануы мен қапталуы;

9) атаяун, онда мыналардың болмау мәніне:

бұрын тіркелген дәрілік препараттар мен жағымсыз әсерлермен жазылған сөздердің ұқастығы;

препараттың нақты құрамы мен әсеріне қатысты жаңылысуға әкелетін қабілеті;

дәрілік затты пайдалануға қатысты ақпарат және оны бірегей, тиімді, қауіпсіз және жағымсыз әсерлерінің болмауына қатысты айрықша етіп көрсететін жарнамалық ақпарат;

ХПА ұқсастықтары және/немесе химиялық құрамы немесе әсері басқа дәрілік затқа үшін оларға ұқсас атаулар;

10) сақтау, тасымалдау шарттары, сақтау мерзімі, қаптаманың алғашқы ашылуынан немесе ерітілуінен кейінгі қолдану кезеңі туралы мәліметтер сәйкестігі және қажетті сақтандыру жазбаларының болуына дәрілік затты медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулық мәтіні, қаптама макеттері, заттаңбалары;

1) есірткі құралдарына, психотропты заттарға және прекурсорларға жататыны, кейбір бақылау шараларын болдырмау мүмкіндігі мақсатында шектен тыс тұтынуға жеткілікті мөлшерде бақылауға алынған затты жеңіт қолжетімді жолмен шығарып алу мүмкіндігі немесе мүмкін емес дәрілік заттың құрамы;

12) талдамалық сараптамаға жіберу үшін дәрілік заттардың, дәрілік субстанциялардың үлгілерін, дәрілік субстанциялардың стандартты үлгілерін және олардың қоспаларын, шығыс материалдарын есептеу (айрықша жағдайларда және қайтару шарттарында).";

68-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"68. Мамандандырылған фармакологиялық сараптама өзіне мыналарды қамтиды:

1) өтініште, талдамалық нормативтік құжатта және қаптама макетінде ұсынылған құрамымен салыстырғанда, медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықта көрсетілген активті және қосалқы заттардың сапалық және сандық құрамының дәйектілігін талдау;

2) компоненттерінің, соның ішінде қосалқы заттардың фармакологиялық үйлесімділігін бағалау; генерикті немесе биосимиларды тіркеу жағдайында түпнұсқалық препарат құрамымен салыстыру жүргізіледі;

3) фармакокинетикалық және (немесе) фармакодинамикалық өзара әрекеттесуін осы бүйрыққа 9-1-қосымшаға сәйкес фармакокинетикалық және (немесе) фармакодинамикалық өзара әрекеттесуі позициясы түрғысынан Дәрілік заттардың ұтымсыз комбинациялары тізбесіне сәйкестігіне бағалау;

4) шектен тыс тұтыну қаупі дәрежесінің ғылыми негізделген анықтамасы: шектен тыс тұтыну қаупі жоғары немесе шектен тыс тұтыну қаупі жоқ немесе орташа болып табылады; дәрілік заттардағы есірткі құралдары, психотропты заттардың және прекурсорлардың анағұрлым көп рұқсат етілген мөлшерін анықтау;

5) клиникаға дейінгі сынақтар бойынша құжаттаманы талдау – уыттылықты зерттеу нәтижелерін, репродуктивтік функцияға ықпалын, эмбриоуыттылығын, тератогенділігін, мутагенділігін, канцерогенділігін, фармакодинамикасын,

фармакокинетикасын, нысандарды таңдау мен зерттеу әдістерінің дұрыстығын, зерттелген заттың енгізу тәсілдері мен дозалануын, зерттеулердің тиісті зертханалық тәжірибе практикаларына сәйкестігін бағалау;

6) клиникалық зерттеулер құжаттамасын талдау – хаттама негізінде клиникалық зерттеудің есебін, зерттеудің жалпы жоспарын, сыналушылардың зерттелген контингентін және олардың санын, сынаққа алынғандарды емдеу топтарына бөлу әдісін, дозаларын, емдеу әдістерін, жасырын сынақ жүргізу деңгейлері мен әдістерін, бақылау түрін, алынған деректерді статистикалық талдау әдістемесін, зерттеулердің тиісті зертханалық практика қағидаларына сәйкестігін бағалау;

7) дәрілік заттың қауіпсіздігі мен тиімділігін байқалған асқынуларды, жағымсыз әсерлерін, оларды жою шараларын, дәрілік зат дозаларын, концентрацияларын және олардың дәрілік зат қауіпсіздігі және тиімділігімен өзара байланысын талдау негізінде клиникалық зерттеулер нәтижелері бойынша бағалау;

8) баламалық зерттеулерінің деректерін талдау (генерикті мемлекеттік тіркеу жағдайында) – хаттама негізінде биобаламалықты зерттеу есебін бағалау, салыстырылатын дәрілік препаратты таңдау дұрыстығын бағалау, зерттеу жағдайлары, дәрілік зат концентрациясын анықтау әдістері, кестелерді құру, параметрлерді есептеу, биобаламалыққа қатысты қорытындылардың негіздемесі; генерикке биовейвер рәсімі бойынша өтінім берілген жағдайда – ин витро зерттеуінің ұсынылған құжаттамасы бойынша биовейвер рәсімінің негізділігін бағалау;

9) клиникаға дейінгі және клиникалық зерттеулерінің, иммуногеннің салыстырмалы зерттеулер деректерінің талдауы негізінде биосимилардың түпнұсқалық препаратпен ұқсастығын бағалау;

10) медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулық мәтінінің қолдану көрсетілімдері мен қарсы көрсетілімдері, дозалары, қолдану (енгізу) тәсілдері, жағымсыз әсерлері, сақтану шаралары, артық дозалану кезіндегі алғашқы көмек, сақтау мерзімі, сақтау шарттары, дәріханалардан босатылу шарттары (Препараттың жалпы сипаттамасы/ТМД елдерінің өндірушілеріне арналған медициналық қолдану жөніндегі бекітілген нұсқаулық; өндіруші ел, АҚШ ЕМА, FDA реттеуші органдарының сайттарындағы ақпарат) және заманауи анықтамалық ақпараттың сәйкестігі туралы мәліметтердің дәйектілігі тұрғысынан сәйкестігін тексеру; генерик пен биосимилардың қолданылу көрсетілімдерінің, қарсы көрсетілімдерінің, жағымсыз әсерлерінің, дәрілермен өзара әрекеттесуінің, айрықша нұсқауларының түпнұсқалық препаратпен сәйкестігін талдау;

11) фармакологиялық қасиеттеріне және қолданылу көрсетілімдеріне қарай анатомиялық-терапиялық-химиялық жіктеу кодының берілу дұрыстығын бағалау;

12) фармакокинетикалық параметрлерге сәйкес мәлімделген дозалардың дұрыстығын тексеру – фармакокинетикалық қасиеттері ескерілген ұсынылатын дозаларын, дозалау режимін талдау (жартылай шығару кезеңі, қан плазмасы акуыздарымен байланысу дәрежелері, бауыр ферменттері белсенділігіне әсері, бактерияға қарсы препараттар жағдайында бактериостатикалық (бактерицидтік) концентрациясының сақталу уақыты), балаларға, егде жастағы адамдарға, бүйрек, бауыр функциялары бұзылған науқастарға ұсынылатын дозаларына ерекше назар аудару;

13) мәлімделген сақтау мерзімінің дұрыстығын талдау – өтініште, дәрілік препараттың қысқаша сипаттамасында, медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықта, қаптама макеттерінде көрсетілген сақтау мерзімдерінің нормативтік құжатта көрсетілген оның сақталу мерзіміне сәйкестігін салыстыру;

14) атауын, онда мыналардың болмау мәніне:

бұрын тіркелген дәрілік препараттар мен жағымсыз әсерлермен жазылған сөздердің ұқсастығы;

препараттың нақты құрамы мен әсеріне қатысты жаңылышуға әкелетін қабілеті;

дәрілік затты пайдалануға қатысты ақпарат және оны бірегей, тиімді, қауіпсіз және жағымсыз әсерлерінің болмауына қатысты айрықша етіп көрсететін жарнамалық ақпарат;

ХПА ұқсастықтары және/немесе химиялық құрамы немесе әсері басқа дәрілік затқа үшін оларға ұқсас атаулар;

15) фармакологиялық әсерінің, жағымсыз әсерлер бейінінің, артық дозалану қаупінің, тәуелділігі мен шектен тыс тұтыну ескеріле отырып босатылу тәртібін (рецепт бойынша, рецептісіз) белгілеу;

16) шығу тегінің көзін (адам мен жануардың қаны, ағзалары, тіндері) және иммунобиологиялық препараттарға арналған ерекше белсенділігін бағалау;

17) мәлімделген тіркеу дерекнамасына енгізілген езгерістерді және қажет болса, препаратты қолдану кезіндегі белгілі немесе әлеуетті қатерлердің төмендеуін бағалау, тіркеу күәлігінің ұстаушысынан дәрілік заттың қауіптерін басқару жоспары сұратылады;

18) тіркеу күәлігін ұстаушының фармакологиялық қадағалау жүйесін бағалау;

19) қауіптерді басқару жоспарын бағалау: қауіптерді басқару жоспарына ықпал етуі мүмкін препарат деректерін бағалау барысында анықталған барлық проблемалы мәселелерді (мұндай мәселелерге клиникаға дейінгі қауіпсіздік нәтижелері, клиникалық фармакология деректерінің кемшіліктері, клиникалық

зерттеулерден түсken қauіpsіздіk дабылдары жәne т.b.); қauіpterді basқarу жоспарында анықталған маңызды қauіpterдің, аса маңызды қauіpterдің, маңызды aқparattың болмауының eскерілуіn талдау;

20) қauіpsіздіk туралы мерзіmdі жаңартылып отыратын деректердің негізінде дәрілік заттың қauіpsіздіgі мен тиімділігін бағалау – қauіpsіздіk бейініn талдау, дәрілік препараттың қысқаша сипаттамасына жәne медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулыққа жаңа жанама әсерлерді, қарсы көрсетілімдерді енгізу немесе препаратты қайта тіrкеуден bas тарту, basқa елдерде препараттың tіrkeu мәртебесінің өзгеруі, қauіpsіздіk мақсатында реттеуші орган немесе өндіруші қабылдаған шаралар туралы жаңартылған мәліметтер, препараттың қauіpsіздіgі жөніндегі aқparattығы өзгерістер, сату көлемі, есепті кезеңде препарат алған пациенттердің саны, жекелеген жағдайлардың сипаттамасын жәne жанама әсерлердің тіzbесі мен жиынтық кестелерді, tіrkeu күелігін ұстаушы анықтаған жанама әсерлердің пайда болуының жекелеген жағдайларын зерттеу, күрделі жәne бұрын компания tіrkeuemegen жанама әсерлердің сипаты мен саны; мерзіmdі түrde жаңартылып отыратын қauіpsіздіk туралы есептердің мәліметтері негізінде қauіpsіздіktі жалпы бағалау жәne қauіpsіздіk бейініn сақтау немесе өзгерту, медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулыққа жаңа жанама әсерлерді, қарсы көрсетілімдерді енгізу немесе препаратты қайта tіrkeudeн bas тарту туралы қорытынды;

21) tіrkeu күелігіnің қолданыс мерзіmіне мемлекеттіk tіrkeu жәne (немесе) қайta tіrkeu немесе tіrkeu дерекнамасына ұsyныстар немесе қosымша материалдарды ұsyну қажеттілігіnің негіzdemесi; немесе мемлекетtіk tіrkeu жәne (немесе) немесе tіrkeu дерекнамасына енгіzuge мәlіmделген өзгерістерді енгіzуден bas тартудың негіzделген ұsyнымдары.";

70-tармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"70. Мемлекетtіk сараптау ұyымы дәrіlіk заттар сараптамасының alyнғan нәтижелеріnің aшықтығын, объективтілігіn, tәuelсіздіgіn жәne келісіmdі болуын арттыру мақсатында өздеріnің қaraуы бойынша алқалық сараптама кеңесіn (бұдан әрі – Кеңес) құradы. Кеңес құramына дәrіlіk заттардың тиімділіgіn, қauіpsіздіgіn жәne сапасын бағалау бойынша сараптама жүргізу саласында жұмыс тәjіribесі мен bіlіktіlіgі bar, медицина жәne фармацияның әrtүrlі салаларындағы сарапшылар, келіsіm бойынша үkіmettіk емес ұyымдардың өkіldері kіredі. Кеңес сараптама нәтижелерінде туындаған қайshылықтарды, тиімдіlіk, қauіpsіздіk жәne сапа бойынша terіs қорытындылар берудің негіzderіn (себептеріn) қaрастырады."

80-tармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"80. Tіrkeu деректеріne I түrdegі өзгеріster еnгіzu кезіnde дәrіlіk заттың сараптамасы myналардан тұradы:

бастапқы сараптама;

енгізілетін өзгерістердің талаптарына сәйкес талдамалық және (немесе) мамандандырылған фармацевтикалық және (немесе) мамандандырылған фармакологиялық сараптамалар;

қауіпсіздігі, тиімділігі және сапасы туралы қорытынды қалыптастыру".

82-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"82. Дәрілік заттардың жеделдетілген сараптамасы (бұдан әрі – жеделдетілген рәсім):

төтенше жағдайларды болдырмауға арналған дәрілік заттарға;

орфанды препараттарға арналған дәрілік заттарға жүргізіледі.

Жеделдетілген рәсім жүргізу кезінде дәрілік заттардың қауіпсіздігіне, тиімділігіне және сапасына қойылатын талаптар төмендемейді.";

84-тармақ алынып тасталсын;

91-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"91. Сараптама жүргізу кезінде дәрілік зат қауіпсіздігіне, тиімділігіне және сапасына:

1) сараптама жүргізу процесінде өтініш берушіге ескерту берілгеннен кейін осы бұйрықпен белгіленген мерзімде тіркеу дерекнамасының толық жиынтығы ұсынылмағанда;

2) өтініш беруші дұрыс емес мәліметтер бергенде;

3) бұрын тіркелген аналогтарымен салыстырғанда дәрілік зат қауіпсіздігі мен тиімділігі едәуір төмен болғанда;

4) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Фармакопеясы немесе Қазақстан Республикасы аумағында қолданыста деп танылған фармакопеялармен регламенттелген немесе бұрын тіркелген аналогтармен салыстырғанда сапа және қауіпсіздік көрсеткіштері едәуір төмен болғанда;

5) дәрілік зат құрамында Қазақстан Республикасында қолдануға тыйым салынған заттар мен материалдар болғанда;

6) сараптама кезеңдерінің біреуінің теріс нәтижелері алынғанда;

7) өндірісті және сапаны қамтамасыз ету жүйесін бағалау нәтижесінде ұсынылған қауіпсіздік, тиімділік пен сапаны қамтамасыз ететін жағдайларға өндірістің нақты жағдайлары мен сапаны қамтамасыз ету жүйесі сәйкес келмегендеге;

8) өтініш беруші Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес өндіріс жағдайларын және сапаны қамтамасыз ету жүйесін бағалау мақсатында кәсіпорынға (өндіріс алаңында) баруды ұйымдастырудан бас тартқанда.

9) дәрілік заттардың ұтымсыз комбинацияларын анықтағанда жағдайларда теріс қорытынды беріледі.";

мынадай мазмұндағы 93, 94-тармақтармен толықтырылсын:

"93. Дәрілік заттың қауіпсіздігі, тиімділігі және сапасына теріс қорытынды берілумен келіспеген жағдайда өтініш беруші мемлекеттік органға жазбаша өтініш береді және шешімге сот тәртібінде шағым жасай алады.

94. Өнімнің дәрілік заттарға тиістілігіне сараптама және оны Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіркеу қажеттілігі өтініш беруші мен мемлекеттік сараптама ұйымы арасында жасалған шартқа сәйкес сараптама ұйымы жүзеге асырады.";

осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес 1-қосымша жаңа редакцияда жазылсын;

осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес 9-1 қосымшасымен толықтырылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Медициналық мақсаттағы бұйымдарға және медициналық техникаға сараптама жүргізу қағидаларында:

2-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"2. Медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника сараптамасы мемлекеттік монополияға жатады, оны дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника айналысы саласындағы мемлекеттік кәсіпорын болып табылатын шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорын (бұдан әрі – мемлекеттік сараптама ұйымы) - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің "Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медицина техникасын сараптау ұлттық орталығы" ШЖҚ РМК жүзеге асырады және мемлекеттік сараптама ұйымының "Медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы сараптау" бағдарламасында Денсаулық сақтаудың бірыңғай ақпараттық жүйесі Дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуді басқару жүйесінің (бұдан әрі – ДҚБЖ) бірыңғай дерекқоры пайдаланыла отырып жүргізіледі.";

4, 5-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"4. Мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу және тіркеу деректерінде өзгерістер енгізу үшін сараптамаға берілген медициналық мақсаттағы бұйым мен медициналық техника туралы ақпарат, құпия ақпаратқа жатады.

Медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техникаға сараптама жүргізу рәсіміне қатысты құпия ақпаратқа рұқсаты бар тұлғалар оның құпиялышының сақтайды.

Мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу және тіркеу деректеріне өзгерістер енгізу кезінде медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы сараптау құнын төлеуді өтініш беруші "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 63-бабына сәйкес сараптама ұйымының шотына жүргізеді.

5. Осы Қағидаларда мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) активті имплантталатын медициналық мақсаттағы бұйымдар – организмге имплантталатын және қандай да бір түрдегі генерирлейтін медициналық мақсаттағы бұйымдар;

2) дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар және медициналық техника айналысы саласындағы мемлекеттік сараптама ұйымы (бұдан әрі – мемлекеттік сараптама ұйымы) – дәрілік заттарға, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техникаға сараптама жүргізуге арналған денсаулық сақтау саласындағы үәкілдегі орган айқындайтын ұйым;

3) медициналық мақсаттағы бұйым мен медициналық техниканың атауы – медициналық мақсаттағы бұйым мен медициналық техниканың моделін, әртүрін, түрленуін, типтерін айқындайтын ауызша белгілері;

4) медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың жиынтығы – медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың функционалдық мақсатына сәйкес өндіруші пайдалану үшін қарастырылған медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың құрамдас бөлігі ретінде қолданылатын бұйым және (немесе) құрылғы;

5) медициналық мақсаттағы бұйым мен медициналық техниканы өндіруші (дайындаушы) – өндірістің бір немесе бірнеше кезеңін жүзеге асыратын дара кәсіпкер немесе занды тұлға;

7) медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың қауіпсіздігі, тиімділігі және сапасы туралы қорытынды – мәлімделген медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы сараптау нәтижелерінен және мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу, тіркеу деректеріне өзгерістер енгізу мүмкіндігі туралы немесе тиісті рәсімдерді жүргізуден бастарту туралы ұсынымдардан тұратын құжат;

8) медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың қауіпсіздігі – адам өміріне, денсаулығына және қоршаған ортаға зиян келтіру мүмкіндігімен байланысты жол беруге болмайтын қаупінің болмауы;

9) медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың тиімділігі – профилактикалық, диагностикалық, емдік және (немесе) оңалту әсеріне қол жеткізуді қамтамасыз ететін сипаттамалар жиынтығы; медициналық мақсаттағы бұйым мен медициналық техниканың сапасы – медициналық мақсаттағы бұйым мен медициналық техниканың мақсаты бойынша әрекет етуге қабілеттілігіне әсер ететін қасиеттері мен сипаттамаларының жиынтығы;

10) медициналық мақсаттағы бұйымдардың үлгілері – медициналық мақсаттағы бұйымдарды мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу, тіркеу дерекнамасына өзгерістер енгізу кезінде сараптама жүргізу үшін отініш иесі ұсынатын медициналық мақсаттағы бұйымдар;

11) медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техникаға шығыс материалдары – медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы олардың функционалдық мақсаттарына сәйкес манипуляция өткізуді қамтамасыз ететін, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы қолданған кезде жүмсалатын бұйымдар мен материалдар;

12) медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техникаға керек-жарақ – өздігінен медициналық мақсаттағы бұйым мен медициналық техника болып табылмайтын, медициналық мақсаттағы бұйыммен және медициналық техникамен бірге олардың функционалдық мақсатына сәйкес қолдану үшін өндіруші арнайы тағайындаған бұйым;

13) модель – медициналық мақсаттағы бұйымның немесе медициналық техниканың типі, маркасы;

14) модификация – жалпы конструктивті белгілері бар, негізгі бұйым базасында жетілдіру, кеңейту немесе медициналық мақсатта пайдаланылуын мамандандыру мақсатында әзірленген медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың әртүрі;

15) нормативтік құжат – медициналық техниканың сапасына, қауіпсіздігіне, өндіру, қолданылу шарттарына, сынақ әдістеріне, тасымалдануы мен сақталуына қойылатын талаптарды белгілейтін нормалар (халықаралық, өнірлік, ұлттық стандарттар, ұйым стандарттары, техникалық шарттар, техникалық файлдар, стандартты операциялық рәсімдер) жиынтығы;

16) организмнен тыс (ин витро) диагностикаға арналған медициналық мақсаттағы бұйым мен медициналық техника – жеке немесе өзара үйлесімде, сондай-ақ көрсетілген бұйымдарды тағайындалуы бойынша қолдану үшін қажетті керек-жарақтарымен бірге, арнайы бағдарламалық жасақтаманы қоса алғанда және:

физиологиялық немесе патологиялық жағдайға;

туа біткен патологияға;

белгілі бір клиникалық жағдайға немесе ауруға бейімділуге;

тіндердің потенциалды реципиентпен үйлесімдігі;

терапиялық әсерлерге реакцияларды болжамдау;

терапия құралдарын және/немесе емдеуді бақылауды таңдауға қатысты бір рет және басты жағдайларда ақпарат алу үшін биоматериалдар үлгілерінің инвирто зерттеулері кезінде қолдану үшін өндірушіге арналған кез келген аспаптар, аппараттар, құралдар, жабдықтар, материалдар, реагенттер, калибраторлар, бақылау материалдары;

17) өтініш беруші – медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу, тіркеу деректеріне өзгерістер енгізуі жүргізуге өтініш, құжаттар мен материалдарды ұсынатын әзірлеуші,

өндіруші-ұйым, тіркеу күелігін ұстаушы немесе олардың мұддесін білдіретін үәкілетті сенімді тұлға;

18) тіркеу күелігін ұстаушы – өзірлеуші, өндіруші ұйым, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың қауіпсіздігі, тиімділігі мен сапасы үшін жауапты өндіруші берген тіркеу күелігін иелену құқығына құжаты бар ұйым;

19) тіркеу дерекнамасы – сараптамаға берілген құжаттар мен материалдар жиынтығы;

20) тіркеу дерекнамасына өзгерістер енгізу – тіркеу күелігінің қолданылуы кезінде медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың қауіпсіздігі, тиімділігі мен сапасына теріс әсер етпейтін және сараптамаға жататын тіркеу дерекнамасына өтініш беруші енгізетін өзгерістер.";

мынадай мазмұндағы 12-1-тармақпен толықтырылсын:

"12-1 Сараптамаға өтініш бергенге дейін өтініш беруші қалауы бойынша мемлекеттік сараптама ұйымына медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы мемлекеттік тіркеу кезінде сараптама жүргізумен байланысты барлық мәселелер бойынша ақылы негізде ғылыми және тіркеу алды консультациясын ала алады.";

14, 15, 16-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"14. Қазақстан Республикасында медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техникаға сараптама жүргізуге өтініш әрбір атауға жеке беріледі.

Өтінішке:

1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды тіркеу, қайта тіркеу үшін қажетті Құжаттар тізбесіне сәйкес қауіпсіздік класына байланысты тіркеу дерекнамасы. Жаңа тіркеуді талап етпейтін I түрдегі тіркеу деректеріне өзгерістер енгізу кезінде осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес құжаттар мен материалдар ұсынылады. Тіркеу дерекнамасы электрондық жеткзгіште платформаралық электрондық құжат форматында (pdf формат);

2) үш реттік талдау жүргізу үшін қажетті мөлшердегі медициналық мақсаттағы бұйымдардың үлгілері;

3) стандартты үлгілері (нормативтік құжатта олардың қолданылғаны туралы көрсетілсе) қоса беріледі.

15. Сараптамаға өлшемдерінде, тұс гаммаларында, орындау нұсқаларында айырмашылығы бар, функция бойынша тафайындау жұмысының қағидатына және қауіпсіздік класына әсер етпейтін медициналық мақсаттағы бұйымның немесе медициналық техниканың бір атауы бір уақытта берілген жағдайда өтініш беруші бір өтініш және тіркеу дерегі қоса беріледі.

16. Құжаттар беттері нөмірленіп, тізбе бойынша қатаң түрде топтастырылады .";

3-бөлімнің тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

"3. Медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техникаға сараптама жүргізу тәртібі";

20-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"20. Мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу кезінде медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы сараптау:

1) бастапқы сараптамадан;

2) талдамалық сараптамадан (медициналық мақсаттағы бұйымдар үшін);

3) мамандандырылған сараптама;

4) медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың қауіпсіздігі, тиімділігі және сапасы туралы қорытындыны қалыптастырудан тұрады.";

21-тармақ алғыншыл тасталсын;

23, 24, 25-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"23. Мемлекеттік сараптама ұйымы өтініш иесі құнтізбелік отыз күн ішінде сұратылған материалдарды немесе оларды дайыдауға қажетті басқа, бірақ құнтізбелік алпыс күннен аспайтын мерзімнің жазбаша негізdemесін ұсынбаған жағдайда, сараптаманы тоқтатады және қауіпсіздігі, тиімділігі және сапасы жөнінде теріс қорытынды береді. Сұратылған материалдарды ұсыну үшін қажетті құнтізбелік күннің жалпы саны әрбір мамандандырылған сараптама кезінде тоқсан күннен аспайтын мерзімді құрайды. Бастапқы сараптама жүргізу кезінде мемлекеттік сараптама ұйымы өтініш беруші отыз құнтізбелік күн ішінде сұратылған материалдарды ұсынбаған жағдайда сараптаманы тоқтатады және осы бұйрыққа сәйкес тіркеу дерекнамасының жиынтығының болмауы туралы теріс қорытынды береді.

Мамандандырылған фармацевтикалық және фармакологиялық сараптамалар жүргізілгенен кейін өтініш берушіге қорытынды құжаттарды (сапасы мен қауіпсіздігін бақылау жөніндегі нормативтік құжат, медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулық пен қаптама макеттері) жеке пароль бойынша электрондық келісу және келісім парағын ұсыну арқылы соңғы келісу үшін сараптама жүргізу мерзіміне кірмейтін құнтізбелік отыз күннен аспайтын мерзім беріледі.

24. Медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техникаға сараптама жүргізу кезінде мемлекеттік сараптама ұйымы "Медициналық мақсаттағы бұйымдардың және медициналық техниканың қауіпсіздігін жіктеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2009 жылғы 24 қарашадағы № 764 бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 5936 болып енгізілді) мәлімденген

қауіпсіздік класының адам денсаулығына, қоршаған ортаға тигізетін зиянның әлеуетті тәуекел дәрежесіне байланысты сәйкестігін белгілейді.

25. Сараптама рәсімі аяқталғаннан кейін мемлекеттік сараптама ұйымы мұрағатта сараптама нәтижесінің (мемлекеттік сараптама ұйымының сұрау салуы бойынша өтініш беруші ұсынған қосымша материалдар, бастапқы, мамандандырылған сараптама қорытындылары, сынақ зертханасының хаттамалары) құжаттары мен материалдарынан тұратын тіркеу дерекнамасының, медициналық мақсаттағы бұйымдарды медициналық қолдану жөніндегі бекітілген нұсқаулық, медициналық техниканы пайдалану құжаты, бекітілген қаптамалардың, заттаңбалардың, стикерлердің және электрондық мұрғатта сақталатын электрондық мұрағат данасын қалыптастырады.

Тіркеу күәлігінің қолданыс уақытында мұрағаттық тіркеу дерекнамасы өтініш берушінің барлық қоса берілген құжаттармен, қауіпсіздік пен тиімділік туралы есептермен өзгерістер енгізу туралы тіркеу күәліктерінің электронды көшірмелерімен толықтырылады.

Тіркеу деректері құпиялыштық талаптарының сақталуымен мұрағатта сақталады.

Мұрағатта сақталатын және сараптамаға берілген қағаз тасығыштағы тіркеу дерекнамасы оларды сараптама ұйымы электронды форматқа аудыстырғаннан кейін жоюға жатады.

Электрондық жеткізгіштегі тіркеу дерекнамасы 10 жыл сақталады.

Медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника нарықта 10 жыл болған жағдайда электрондық тіркеу дерекнамасын сақтау медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника Қазақстан Республикасының нарығында болуы мерзіміне ұзартылады.";

26-тармақ алынып тасталсын;

27, 28-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"27. Тіркеу күәлігінің қолданыс мерзімі аяқталғаннан кейін, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника қайта тіркелуге жатады.

28. Өтініш беруші қайта тіркеуге өтінішті тіркеу күәлігінің қолданыс мерзімі аяқталғанға дейін береді.";

мынадай мазмұндағы 28-1, 28-2-тармақтармен толықтырылсын:

"28-1. ISO 13485 талаптарына сәйкес өндірілген медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы Қазақстан Республикасында қайта тіркелгеннен кейін жыл сайын қауіпсіздігі, тиімділігі және сапасы бағаланатын мерзімсіз тіркеу күәлігін бере отырып мерзімінен бұрын қайта тіркеуге жол беріледі.

28-2. Мемлекеттік сараптама ұйымы мемлекеттік органға Қазақстан Республикасының нарығындағы медициналық мақсаттағы бұйымдар мен

медициналық техниканың қауіпсіздігі, тиімділігі және сапасы туралы ақпаратты ұсынады. Мемлекеттік орган мемлекеттік сараптама үйымының ақпараты негізінде тиісті шешім қабылдайды. ";

29, 30, 31, 32-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"29. Медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы тіркеу дерекнамасының бастапқы сараптамасы өзіне мыналарды қамтиды:

1) ұсынылған тіркеу дерекнамасы құжаттарын осы Қағидаларға 2-қосымшаға, қауіпсіздік класына сәйкес медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымды тіркеуге, қайта тіркеуге қажетті құжаттар Тізбесіне сәйкестігін, олардың дұрыс ресімделуін тексеру;

2) медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың мәлімделген қауіпсіздік класының тіркеу дерекнамасы құжаттарында көрсетілген класына сәйкестігін белгілеу;

3) тіркеу дерекнамасында мәлімделген өзгерістердің I түрдегі сәйкестігін тексеру;

4) медициналық мақсаттағы бұйымдардың ұлгілерінің болуын, олардың көлемінің талдамалық сараптау әдістемелерін қайта жаңғырту үшін жеткілікті екенін және олардың жарамдылық мерзімдерін, соның ішінде активті имплантация жасалатын медициналық мақсаттағы бұйымдарды тексеру;

5) стандартты ұлгілерінің болуын тексеру (нормативтік құжатта олардың қолданылғаны көрсетілсе);

6) қаптама макеттерінің болуын тексеру.

Бастапқы сараптама нәтижелері бойынша осы Қағидаларға 4, 5-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша құжаттар мен материалдардың бастапқы сараптама қорытындысы жасалады. Өтініш берушілерге анықталған ескертпелер туралы ақпарат беріледі.

30. Медициналық мақсаттағы бұйымдарды талдамалық сараптама:

1) медициналық мақсаттағы бұйым ұлгілерінің физикалық, химиялық, физикалық-химиялық және биологиялық сынақтарды;

2) тіркеу ұлгілерін талдау әдістемелерінің қайта жаңартылуын тексеруді қамтиды.

31. Медициналық мақсаттағы бұйымдарды талдамалық сараптама нәтижелері бойынша сынақ зертханасы осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сынақтар хаттамасын жасайды.

32. Медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техникаға мамандандырылған сараптама жүргізу:

1) медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың қауіпсіздігін, тиімділігі мен сапасын бағалауды;

2) тіркеу дерекнамасына енгізілген өзгерістердің медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың қауіпсіздігіне, тиімділігіне және сапасына әсерін бағалауды;

3) медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың қауіпсіздік класына қатысты өтініштер мен тіркеу құжаттарында көрсетілген деректердің Қазақстан Республикасының дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың айналысы саласындағы заңнама талаптарына сәйкес дәйектілігін бағалауды;

4) сынақ зертханасының хаттамасын талдау, талдамалық сараптама нәтижелерін бағалауды;

5) тіркеу дерекнамасында мәлімденген медициналық мақсаттағы бұйым және (немесе) медициналық мақсаттағы бұйымның құрамына кіретін дәрілік заттың тұрақтылығын талдауды;

6) өндіруші ұйымның нормативтік құжатында көрсетілген сапа көрсеткіштерінің халықаралық сапа стандарттарына сәйкестігін сараптауды;

7) қауіпсіздік класы 2б (қауіп дәрежесі жоғары) және қауіпсіздік класы 3 (қауіп дәрежесі аса жоғары) медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың клиникалық практикада қолданылуының клиникалық сынақтарының есебін талдауды;

8) медициналық мақсаттағы бұйымды медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулық жобасы мәтінінің өндіруші ұйым нұсқаулығының түпнұсқасына сәйкестігін және нұсқаулық жобасының Қазақстан Республикасының дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың айналымы саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес ресімделуін талдауды ;

9) медициналық мақсаттағы бұйымдардың қаптамалары мен заттаңбаларының макеттеріндегі ақпараттың Қазақстан Республикасының дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника айналымы саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкестігіне талдауды;

10) медициналық техниканың пайдалану құжатындағы ақпаратты бағалауды;

11) медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы мемлекеттік тіркеу кезінде өндіріс шарттарын және сапаны қамтамасыз ету жүйесін бағалау нәтижелері бойынша есептерді талдауды қамтиды.";

39-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"39. Тіркеу дерекнамасына I түрдегі өзгерістер енгізу кезінде медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техникаға сараптама жүргізу:

бастапқы сараптамадан;

мамандандырылған сараптамадан;

талдамалық сараптамадан тұрады (медициналық мақсаттағы бұйымның дайын өнімінің сапасын бақылау процесінде өзгерістер болған, медициналық мақсаттағы бұйымның бастапқы қаптамасы өзгерген, стерильді медициналық мақсаттағы бұйым болып табылатын жинақтауышы қосылған жағдайда).";

41-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"41. Медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың жеделдетілген сараптамасы (бұдан әрі – жеделдетілген рәсім) медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техникаға мына жағдайларда жүргізіледі :

1) олар сирек кездесетін ауруларды профилактикалауға, емдеуге, диагностикалауға арналған;

2) төтенше жағдайлар салдарларының алдын алуға және жою.

Жеделдетілген рәсімді жүргізу кезінде олардың қауіпсіздігіне, тиімділігіне және сапасына қойылатын талаптар төмендемейді.";

47-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"47. Мемлекеттік сараптама ұйымы мемлекеттік органға электрондық түрде басшы мен жауапты тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасы бар:

1) медициналық мақсаттағы бұйым мен медициналық техниканың қауіпсіздігі , тиімділігі мен сапасы туралы қорытындыны;

2) мемлекеттік және орыс тілдерінде сараптама ұйымымен келісілген медициналық мақсаттағы бұйымдардың медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулық;

3) мемлекеттік және орыс тілдерінде сараптама ұйымымен келісілген медициналық мақсаттағы бұйымдардың қаптамасы, заттаңбасы, стикерлері макеттерінің таңбалануын жібереді.";

50, 51-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"50. Медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техникаға сараптама жүргізу мерзімдеріне:

1) тіркеу дерекнамасының жинақтауышын толықтыру уақыты;

2) белгіленген мерзімдерде сараптама жүргізу кезінде сұрау салу бойынша өтініш берушінің құжаттар мен материалдарды ұсынуы;

3) өндірісті дайындау және олардың жағдайын бағалау кірмейді.

51. Сараптама жүргізу кезінде медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың қауіпсіздігі, тиімділігі және сапасы жөніндегі теріс қорытынды мынадай жағдайларда:

1) өтініш берушіге бастапқы сараптама жүргізу барысында берілген ескертулерден кейін тіркеу дерекнамасының толық жиынтығы берілмесе, талдамалық және (немесе) мамандандырылған сараптама ескертулері осы Қағидалардың 49-тармағында белгіленген мерзімдерде жойылмаса;

2) өтініш беруші дәйексіз мәліметтерді берген жағдайда;

3) Қазақстан Республикасының дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың айналысы саласындағы заңнамасының талаптарына қатысты медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың қауіпсіздігі, тиімділігі мен сапасы анағұрлым төмен болғанда;

4) мемлекеттік тіркеу кезінде сараптаудың кез келген кезең нәтижелері бойынша медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың қауіпсіздігі, тиімділігі, сапасы туралы теріс қорытынды болғанда;

5) нақты өндіріс жағдайлары мен сапаны қамтамасыз ету жүйесінің мемлекеттік тіркеу кезінде дайындаушы кәсіпорынның өндірісін және сапаны қамтамасыз ету жүйесін бағалау нәтижелері бойынша медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың мәлімделген қауіпсіздігін, тиімділігі мен сапасын қамтамасыз ететін шарттарға сәйкес келмегенде;

6) өтініш беруші Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес өндіріс жағдайлары мен сапаны қамтамасыз ету жүйесін бағалау мақсатында кәсіпорынға (өндірістік ауданға) баруды ұйымдастырудан бас тартқан жағдайда беріледі.";

мынадай мазмұндағы 53, 54-тар мақттармен толықтырлысын:

"53. Медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың қауіпсіздігі, тиімділігі және сапасына теріс қорытынды берілумен келіспеген жағдайда өтініш беруші мемлекеттік органға жазбаша өтініш береді және шешімге сот тәртібінде шағым жасай алады.

54. Өнімнің медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техникаға тиістілігіне сараптама және оны Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіркеу қажеттілігі өтініш беруші мен мемлекеттік сараптама ұйымы арасында жасалған шартқа сәйкес сараптама ұйымы жүзеге асырады.";

1, 2, 3, 4, 5, 10-қосымшалар осы бұйрыққа 3, 4, 5, 6, 7 және 8-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылдын:

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитеті :

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін құнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспасөз басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-қызынтық жүйесінде ресми жариялауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму вице-министрі А.В. Цойға жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін Қағидаларға 1-қосымшаның 12-тармағын қоспағанда алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Денсаулық сақтау және

әлеуметтік даму Министрі Т. Дүйсенова

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрінің
2015 жылғы 26 маусымдағы
№ 524 бұйрығына 1-қосымша
Дәрілік заттарға сараптама
жүргізу қағидаларына
1-қосымша

Нысан

Қазақстан Республикасында дәрілік заттарға сараптама жүргізуге өтініш

1.	Tіркеу түрі	Tіркеу Қайта тіркеу Өзгерістер енгізу	
2.	Қайта тіркеу және тіркеу деректеріне өзгерістер енгізу кезінде тіркеу куәлігіндегі деректер	Tіркеу куәлігі № Тіркелген күні Колданылу мерзімі НК №	
3.	Жеделдетілген тіркеу	Жеделдетілген шара типі Негіздеме (хат № және мемлекеттік органның күні)	Жеделдетілг Мерзімін же, Кезеңді аяқт
4.	Саудалық атауы	мемлекеттік тілде орыс тілінде ағылшын тілінде	
5.	Экспортқа саудалық атауы (отандық өндіру-шілер үшін)	мемлекеттік тілде	орыс тілінде
6.	Халықаралық патенттеген атауы (ХПА)	мемлекеттік тілде орыс тілінде	ағылшын тілінде

				ағылшын тілінде	
6.	Патенттік қорғаныстың 1. болуы			Зияткерлік меншік құқықтарын қорғау туралы құжаттың №, қолда қоса ұсынылсын)	
7.	Дәрілік түрі	мемлекеттік тілде			
8.		орыс тілінде			
	Д о з а с ы / концентрациясы (Бар болса, толтырылады. Көлемі қаптамасына толтырылады)	Концентрациясы сұйық, жұмсақ және газ тәріздес дәрілік түрлер үшін көрсетіледі			
9.		Коды			
	Анатомия- терапиялық- химиялық жіктемесі (ATX)	Мемлекеттік тілдегі атауы			
		Орыс тіліндегі атауы			
10.	Дәрілік зат мынадай болып табылады			Дәрілік препарат Иммунобиологиялық препарат Дәрілік өсімдік препараты (соның ішінде жинақтары) Гомеопатиялық Дәрілік субстанция Дәрілік балк-өнім Иммунобиологиялық балк-өнім Радиофармацевтикалық препарат Дәрілік табиги шикізат (фармакопеялық емес) Шығу тегі биологиялық дәрілік препарат	
				Түпнұсқалық (түпнұсқалық дәрілік препараттың атауы көрсетілсін) Генерик (түпнұсқалық дәрілік препараттың атауы көрсетілсін)	
				Биосимиляр (түпнұсқалық дәрілік препараттың атауы көрсетілсін) Автогенерик (түпнұсқалық дәрілік препараттың атауы көрсетілсін)	
				Ин-витро генерикалық препараттардың сулы ерітінділерін зерттеу	
				Өндірістік және технологиялық процестер трансферін енгізу	
11.	Өтініш берушінің елінде босатылу түрі			Дәрігердің рецептісі арқылы Дәрігердің рецептісінсіз	
12.	Енгізу тәсілдері				
13.	Қаптамасы (мәндер тізімдері толтырылады)				
№	Түрі (бастапқы немесе қайталама)	Атауы	Өлшемі (бар болса)	Көлемі (бар болса)	Қаптамадағы бірлік саны
1.	Бастама				
2.	Қайталама				
...					
14.	Толық сапалық және сандық құрамы (мәндер тізімі толтырылады)				
			Сапаны реттейтін	Өндіруші, өндіріс	

№	Заттың типі (белсенді немесе қосымша)	Атауы	Дәрілік түрдің бірлігіне мөлшері	нормативтік кұжат немесе шығарылған жылы көрсетілген Фармакопея	алаңының елі мен мекен-жайы (белсен-ди заттар үшін)	Есірткілерді бақылау жөніндегі халықаралық комитет бақылайды (бар болса белгіленеді)	Улы заттард болуы (бар б белгіленеді)
1.	Белсенді					II кесте III кесте IV кесте	1 тізім 2 тізім
2.	Қосымша						
...							
15	Отандық өндірушілерге арналған Тиісті өндірістік тәжірибе жағдайында өндірілмеген дәрілік субстанция мем тіркеуге берілген бе (гомеопатиялық препараттардан, медициналық иммунобиологиялық препараттар мен өсімдік шикізаттан басқа)						
16	Дәрілік заттың сактау мерзімі			ұсынылатын сақтау мерзімі ұсынылатын қолдану кезеңі (контейнерді алғаш ашқаннан кейін) ұсынылатын қолдану кезеңі (еріту немесе сұйылтудан кейін)			
17	Тасымалдау шарттары						
18	Сактау шарттары			ұсынылатын сақтау шарттары қаптаманы алғаш ашқаннан кейін ұсынылатын сақтау шарттары			
19	Өндіруші елде және басқа елдерде тіркеу						
1.	Ел атауы			Тіркеу күелігі № (бар болса, көрсетіледі)		Берілген күні	
22							
...							
20	Өндіріс			1) Толығымен осы өндірісте 2) Ішінара осы өндірісте 3) Толығымен басқа өндірісте			
	Дәрілік препарат өндіруші(лер)сі және өндіріс участеке(лер)сі (дәрілік препараттың бөлігі болып табылатын участекелерін қоса (оның ішінде дәрілік түр ерітіндісі)						
№	Өндірушінің типі	Атауы, елі (мемлекеттік, орыс, ағылшын тілдерінде)		Рұқсат күжатының №, күні мен мерзімі	Заңды мекен-жайы	Накты мекен-жайы	Телефон, факс,
1.	Өндіруші						
2.	Лицензияны ұстаушы			Өндіруші елдің өкілетті органдары өндіріске берген лицензия-ның деректері			
3.	Тіркеу күелігін ұстаушы						
4.	Қаптаушы кәсіпорын						

5.	Өтініш беруші немесе өкілдік		Сенімхат бойынша деректер					
6.	Қазақстан Республикасында фармакологиялық қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі уәкілетті тұлға							
22	Дәрілік заттардың тіркеу деректеріне енгізілетін 1 типті өзгерістер (өзгерістер енгізу-өтінімі түрінде толтыр көрсету)	Өзгеріс	Өзгеріс типі	Шарттар /ескертулер				
23	Дәрілік затқа сараптама жүргізуге арналған шарт бойынша деректер	1. Шарт №						
		2. Жасалған күні						
		3. Қолданыс мерзімі						
24	Дәрілік затты шығару нысанына қатысты баға мәліметтері (бағалар мониторингі үшін)	№	Қайталама қаптаманың штрих-коды	Бастапқы қаптама	Бастапқы қаптамадағы дозалар саны	Қайталама қаптама	Қайталама қаптамадағы Бастанқы қаптама саны	Қайталама қаптама саны
25	Сараптама жүргізуге ақы төлеуді жүзеге асыратын субъект	1. Атауы						
		2. Елі						
		3. Заңды мекенжайы						
		4. Накты мекенжайы						
		5. Басшының Т.А.Ә., лауазымы						
		6. Телефон						
		7. Факс						
		8. e-mail						
		9. БСН						
10	ЖСН							
11	Банк							
12	T/p							

13	В/с	
.	.	
14	Коды	
.	.	
15	БЖЖ	
.	.	

Отініш беруші:_

Тіркеу деректерінің барлық данасындағы ақпараттың растығына және барабарлығына, дәрілік заттың сапасын бақылау әдістерінің, медицинада қолданылуы жөніндегі нұсқаулықтар аудармаларының дәлдігіне, сондай-ақ дәрілік зат үлгілерінің, дәрілік және бөгде қоспалардың стандартты үлгілерінің тіркеуге ұсынылатын нормативтік құжаттарға сәйкестігіне кепілдік беремін.

Қазақстан Республикасына медициналық мақсаттағы бұйымдарды тіркеу деректерінде көрсетілген талаптарға сәйкес және медициналық мақсаттағы бұйымды аудармасының нақтылығы мен дәлдігін сақтай отырып, мемлекеттік және орыс тілдеріндегі медицинада қолдану бойынша нұсқаулықпен/медициналық техниканы пайдалану бойынша нұсқаулықпен бірге жеткізуі жүзеге асыруға міндеттенемін.

Пайдаланудың барлық мерзімі бойына тасымалдаудың барлық шарттарын сақтау жағдайында қауіпсіздігі мен сапасын сақтауға және өндіруші зауыт талаптарына сәйкес сақтауға кепілдік беремін.

Тіркеу деректеріндегі барлық өзгерістер туралы хабарлауға, сондай-ақ медицинада қолданылуы жөніндегі нұсқаулықта бұрын көрсетілмеген дәрілік затты қолдану кезінде жағымсыз әсерлер анықталғанда өтініш беруге және материалдарды ұсынуға міндеттенемін.

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрінің
2015 жылғы 26 маусымдағы
№ 524 бұйрығына 2-қосымша
Дәрілік заттарға саралтама
жүргізу қағидаларына
9-1-қосымша

Фармакокинетикалық және (немесе) фармакодинамикалық өзара әрекеттесу позициясынан дәрілік заттардың ұлттық комбинацияларының тізбесі

№	Дәрілік заттардың атауы, олардың комбинациялары
1.	Витаминдердің қабынуға карсы препараттармен және транквилизаторлармен бекітілген комбинациялары

2.	Атропин/атропин тәрізді дәрілік заттардың анальгетиктермен және антипиретиктермен бекітілген комбинациялары
3.	Йохимбиннің тестостеронмен және витаминдермен бекітілген комбинациялары
4.	Темірдің йохимбинмен бекітілген комбинациялары
5.	Антигистаминді дәрілік заттардың диареяға қарсы дәрілік заттармен бекітілген комбинациялары
6.	Пенициллиннің сульфонамидтермен бекітілген комбинациялары
7.	Витаминдердің анальгетиктермен бекітілген комбинациялары
8.	Хинолондардың кез келген дәрілік заттармен бекітілген комбинациялары, сыртқа қолдануға арналған препараттарды қоспағанда
9.	Кортикоステроидтардың ішке қабылдауға арналған дәрілік заттармен бекітілген комбинациялары
10.	Хлорамфениколдың ішке қабылдауға арналған дәрілік заттармен бекітілген комбинациялары
11.	Витаминдердің туберкулезге қарсы препараттармен бекітілген комбинациялары, изониазидтің пиридоксин гидрохлоридімен (В6 витамині) комбинациясын қоспағанда
12.	Стероидты анатоликтердің басқа дәрілік заттармен комбинациялары
13.	Седативті/үйқы тудыратын/анксиолитикалық дәрілік заттардың анальгетиктермен-антипиретиктермен/стероидты емес қабынуға қарсы дәрілермен бекітілген комбинациялары
14.	Протонды помпаның H2-гистаминорецептор/тежегіш антагонистерінің антацидтермен бекітілген комбинациялары
15.	Бірден артық антигистаминді дәрілік затты қамтитын бекітілген комбинациялар
16.	Антигельминтті дәрілік заттардың іш жүргізушілермен бекітілген комбинациялары
17.	Бронх кеңейткіш әсері бар дәрілердің орталық әсерлі жәтелге қарсы дәрілік заттармен және/немесе антигистаминді дәрілермен бекітілген комбинациялары
18.	Муколитиктердің/қакырық түсіретін дәрілердің жәтелге қарсы дәрілік заттармен және/немесе антигистаминді дәрілермен бекітілген комбинациялары
19.	Іш жүргізгіштердің және/немесе спазмолитикалық дәрілік заттардың ферментті препараттармен бекітілген комбинациялары
20.	Құсуға қарсы дәрілік заттардың, допаминді рецепторлардың тежегіштерінің жүйелі абсорбциясы бар дәрілік заттармен бекітілген комбинациялары
21.	Орталық әсерлі жәтелге қарсы дәрілік заттардың антигистаминді дәрілік заттармен бекітілген комбинациялары
22.	АІЖ-нан жүйелі қан ағысына сіңірлелітін кез келген дәрілік заттармен пектин және/немесе қамтитын дәрілермен бекітілген комбинациялар, пектиннің және/немесе каолиннің жүйелі абсорбциясыз дәрілік заттармен комбинацияларын қоспағанда
23.	Диареяға қарсы дәрілік заттардың электролиттермен бекітілген комбинациялары
24.	Оксифенбутазонның немесе фенилбутазонның кез келген басқа дәрілік заттармен бекітілген комбинациялары
25.	Анальгиннің кез келген басқа дәрілік заттармен бекітілген комбинациялары
26.	Стероидты емес қабынуға қарсы дәрілердің/парацетамолдың/анальгиннің атропин тәрізді дәрілік заттармен/спазмолитиктермен бекітілген комбинациялары

27	Стероидты емес қабынуға қарсы дәрілердің/парацетамолдың/анальгиннің опиодты анальгетиктермен/опиодты-опиодты емес анальгетиктермен бекітілген комбинациялары
28	Бір немесе одан да көп стероидты емес қабынуға қарсы дәрілердің бекітілген комбинациялары
29	Парацетамолдың барбитураттармен, транквилизаторлармен және басқа дәрілік заттармен, бауыр цитохромалық жүйесінің фермент индукторларымен бекітілген комбинациялары.
30	Парацетамолдың стероидты емес қабынуға қарсы дәрілік заттармен бекітілген комбинациялары
31	Пенициллиннің парентеральді дәрілік түрлердегі стрептомицинмен бекітілген комбинациялары
32	Құрамында амилаз, протеаза және липаза бар панкреатиннің немесе пакреалипазандың кез келген басқа ферменттермен, о.і. бұқа өйтмен, гемицеллюлозамен бекітілген комбинациялары
33	Нитрофурантоин мен триметопримнің бекітілген комбинациялары
34	Барбитураттардың басқа дәрілік заттармен бекітілген комбинациялары
35	ОЖЖ бәсендегетін дәрілік заттардың ОЖЖ стимуляторларымен бекітілген комбинациялары
36	Барбитураттардың гиосциаминмен және/немесе гиосцинмен, белладоннамен және басқа атропин тәрізді дәрілік заттармен бекітілген комбинациялары
37	Барбитураттардың эрготаминмен бекітілген комбинациялары
38	Галоперидолдың кез келген антихолинергиялық дәрілік заттармен бекітілген комбинациялары
39	Антибактериялық және антипротозойлық дәрілік заттардың бекітілген комбинациялары
40	Лоперамид гидрохlorидінің фуразолидонмен бекітілген комбинациялары
41	Антибактериальных дәрілік заттар мен пробиотиктердің, пребиотиктердің бекітілген комбинациялары
42	Ципрогептадиннің лизинмен немесе пептонмен бекітілген комбинациялары

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрінің
2015 жылғы 26 маусымдағы
№ 524 бұйрығына 3-қосымша
Медициналық мақсаттағы
бұйымдарға және медицина
техникасына сараптама
жүргізу қағидаларына
1 қосымша

Нысан

Қазақстан Республикасында медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техникаға сараптама жүргізуге өтініш

1.	Тіркеу түрі		Қайта тіркеу Өзгерістер енгізу	
2.	Қайта тіркеу және тіркеу деректеріне өзгерістер енгізу кезіндегі тіркеу куәлігі бойынша мәліметтер		Тіркеу куәлігінің № Тіркелген күні Қолданыс мерзімі	
3.	Жеделдетілген тіркеу		Жеделдетілген рәсім түрі Негіздеме (мемлекеттік органның хатының № және күні)	Жеделдетілген рәсім жок Мерзімдерін жеделдеть
4.	Тип (қажеттісін белгілеу)		ММБ МТ	
5.	Саудалық атаяу	мемлекеттік тілде		
		орыс тілінде		
